

Техникалық сипаттама

(ЛОТ №1)

№	Атауы	Сипаттамасы	саны
1	Ғылыми зертханалық қызметтерді көрсетуге арналған техникалық тапсырма	Т-жасушалық иммунитет буынының жағдайын бағалау: (Т-лимфоциттер (CD3+CD19-), Т-хелперлер (CD3+CD4+CD45+), Т-цитотокс. (CD3+CD8+CD45+), Т-reg. (CD4+CD25brightCD127negCD45+), белсендірілген (CD3+HLA-DR+CD38+); қан	8
		Интерлейкин 1 бета; қан	
		Интерлейкин 6; қан	
		Интерлейкин 8; қан	
		Еритін трансферрин рецепторлары; қан	
		Ультрасезімтал С-реактивты протеин (СРП) ; қан	
		Магний (фотометрия) ; қан	
		Паратгормон; қан	
		1. Жалпы ережелер	
		1.1. Орындаушы Тапсырыс беруші жинаған биоматериалды зертханаға өз күшімен жеткізуге міндетті.	
		Қызмет көрсету шарттары:	
		Биоматериалды (венздық қанды) алу Орындаушы тарапынан ұсынған медициналық мейірбике жүзеге асырады. Биоматериалды алу (венздық қан) Тапсырыс беруші ұсынған талаптарға сай бөлмеде, көрсетілген мекенжайда жүргізіледі: Түркістан қ., Бекзат Саттарханов даңғылы, 29.	
		Орындаушы биоматериалды тасымалдау кезінде оның сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Интерлейкиндерді зерттеулеріне арналған биоматериал зертханаға –20°С температурада қатаң түрде жеткізілуі тиіс. Т-жасушалық иммунитет буынының жағдайын бағалауға арналған қан үлгілері талаптарға сәйкес алынып тасмалдану қажет.	
		Зерттеулерді орындау үшін қажетті жабдықтар мен реагенттер, соның ішінде арнайы құрал-жабдықтар, Орындаушының есебінен пайдаланылады және сатып алынады.	
		Арнайы талаптар:	
		Медициналық қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның болуы міндетті.	
		Қызмет бағасына мыналар кіреді:	
		• медициналық қызмет құны; • шығын материалдарының құны; • зерттеу жүргізуге қажетті жабдықтар мен реагенттер; • салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер.	

2. Жалпы талаптар

2.1. Тапсырыс беруші биоматериалды күн сайын Орындаушыға тапсырады, ал Орындаушы оны қабылдайды.

Көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі осы қызмет түріне қатысты қолданыстағы заңнамада бекітілген барлық талаптарға толық сәйкес келуі тиіс.

Орындаушы:

- есептік-құжаттық есеп жүргізуге және зерттеу нәтижелерін белгіленген нысандағы бланкілерде белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге беруге;
- зерттеуге жіберілген азаматтардың тізімін жүргізуге, онда міндетті түрде жолдама күні, зерттеу түрі, пациенттің және жолдаманы берген дәрігердің аты-жөні көрсетілуі тиіс;
- дәрігерлерге арналған кеңес беру үшін телефон байланысы арнасының болуын қамтамасыз етуге;
- зерттеуден кейін қолданылған шығын материалдарын кәдеге жаратуға міндетті.

Зерттеу жүргізу кезінде Орындаушы тек қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес пайдалануға рұқсат етілген диагностикумдар, реагенттер, коректік орталар және басқа да материалдарды қолдануы тиіс.

Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы жоғарыда аталған рұқсат құжаттарын жазбаша немесе ауызша сұрау бойынша, тараптардың келісімімен — тапсырыс берушіге көшірме түрінде немесе түпнұсқамен танысу үшін ұсынуға міндетті.

Егер Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерге қатысты ескертулер немесе шағымдар білдірсе, Орындаушы оларды **10 (он) күнтізбелік күн** ішінде жоюға міндетті.

Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Орындаушының биологиялық материалды қабылдамауына жол берілмейді. Қабылдамау туралы Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасын кемінде **3 тәулік бұрын** жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.

Орындаушы зерттеу нәтижелерін Тапсырыс берушіге күн сайын ұсынуға міндетті.

Орындаушы зертханасы диагностикалық зертханалық зерттеулерді жүргізуге қажетті жабдықтармен қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес толық көлемде жабдыкталуы тиіс.

Лицензияланатын қызмет түрі бойынша шектеулер болмауы тиіс.

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

Ғылым департаментінің директоры

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

Ғылым департаментінің жетекші маманы

А.Ошибаева

Х.Масадиков

А.Айымбетова

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және қызмет көрсету шарттары

Қызмет көрсету құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызмет көрсетуге байланысты барлық ықтимал шығындарды, соның ішінде іссапарлық, көлік, логистикалық және өзге де шығыстарды қамти отырып көрсетіледі.

Егер көрсетілетін қызметтің ерекшелігі қосымша жұмыстар мен іс-шараларды жүргізуді талап етсе, қызмет көрсету құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер** енгізілуі тиіс. Оларға, соның ішінде, орнату, баптау, тапсырыс берушінің персоналын оқыту, әдістемелік материалдар ұсыну және нәтижені тиімді пайдалану үшін қажет болған жағдайда кейінгі консультациялық қолдау кіреді.

Қызмет сапасына және сәйкестігіне қойылатын талаптар

Орындаушы қызметтерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толық сәйкестікте, сондай-ақ санитариялық, экологиялық, техникалық және өзге де міндетті нормативтік талаптарды сақтай отырып көрсетуге міндетті.

Қызметтер техникалық тапсырмада белгіленген талаптарға, көлемге, мерзімдерге және сапа көрсеткіштеріне сәйкес көрсетілуі тиіс. Қызмет көрсету нәтижелері белгіленген талаптарға сәйкес келіп, тапсырыс беруші тарапынан практикалық тұрғыда пайдалануға дайын болуы қажет.

Кепілдік міндеттемелері және сүйемелдеу

Орындаушы қызмет көрсету барысында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді кепілдік кезеңі ішінде өз есебінен жоюға міндетті. Қажет болған жағдайда орындаушы қызмет көрсету нәтижелерін тапсырыс беруші қабылдаған сәттен бастап кемінде 12 (он екі) ай ішінде консультациялық қолдау мен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлем мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50%-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Тапсырыс беруші орындаушыдан аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған орындаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Қызмет көрсету мерзімі

Қызметтер келісімшартта белгіленген мерзімде, бірақ келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей көрсетілуі тиіс.